# Республиканың жаңа чемпионы: Архат БАЙМУРЗИН




**Қаламыздағы Арқалық БЖСМ түлегі Архат Алмасұлы Ақтөбе қаласында өткен Республика чемпионатында 1 орын иеленді.**

Ақтөбе Қаласында өткен 2004 – 2005 жылдары туған ер және қыз балалар арасындағы ҚР чемпионатына еліміздің барлық облысынан 600 –ге жуық спортшы қатысқан. Жылдың ең дүбірлі додасына әр өңір ең үздігін жіберетіні аян. Десе де, шын мықтыға шаршы аланда түсау жоқ дегендей, Қостанай облысының атынан шыққан, арқалықтық палуан, 50 келіде сынға түскен Архат Алмасұлы өз салмағында Республиканың ең үздігі екенін айқын дәлелдеді. Архат өзіне қарсылас болған Нұр – Сұлтан, Шымкент, Қарағанды мен Ақтөбенің екі палуанын да айқын басымдықпен жеңді. Қарсыластарының ішінде Республика чемпионы болғанын да айта кетейік. Жерлесіміз татамиде қолданған әдемі ұтымды әдістер әлеуметтік желілер арқылы қолдан – қолға тарап, көптің сүйіспеншілігіне бөленіп жатыр.

ҚР чемпионы Архат БАЙМУРЗИНДІ Арқалық БЖСМ директоры Сержан РЫСМАМБЕТОВ, ұстазы Алтынбек БОЛАТОВ бастап, спорт мектебінің жаттықтырушылары, туыс – туғандары қошеметпен вокзалдан күтіп алып, сүйінші жаңалық жергілікті телеарнадан таратылды.

ҚР чемпионатына облысымыз үкілеп апарған спортшылардың екеуі 1 орын иеленсе, тағы екеуі 2 орынға табан тіреген. Нәтижесінде, Қостанай облысы жалпыкомандалық есепте 4 орынға қол жеткізді. Енді Архат алдағы наурыз айының басында оқу – жаттығу жиынына қатысып, бүгінгі пандемиялық ахуал тұрақтанса, мамыр айында Германияда өтетін Еуропа чемпионатында ел намысын қорғайтын болады.

Еске сала кетсек, Архат БАЙМУРЗИН өткен жылы Қызылорда қаласында өткен ҚР чемпионатында күмістен алқа таққан болатын. Бұған дейін де талантты спортшымыз бірнеше мәрте Халықаралық турнирлерде, Республикалық жарыстарда топ жарған . «Спорт шеберлігіне үміткер» деген атағы да бар. Дзюдоның әліппесін Арқалық БЖСМ – де білікті жаттықтырушы Алтынбек БОЛАТОВТАН үйреніп, бүгінде Алматы қаласындағы спорт мектебінде білімін жетілдіріп жүр. Архаттың алдағы уақытта да биіктерден көріне беруіне тілектеспіз!

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ